

**БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУ ТЕЖЕЛІСІНІҢ
ЭТИОЛОГИЯСЫ МЕН КЛАССИФИКАЦИЯСЫ****Әділханова Аяулым Ерболқызы**

«Психология» білім бағдарламасының 3 курс студенті

adilkhanova.04@bk.ruХ.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекші: аға оқытушы, магистр Мусина Гульмира Мерлатовна

Қазақстандық білім беру ұйымдарында инклюзия мәселесін жетілдіру уақыт талабы, қоғамның даму көрсеткіші ғана емес, бұл ерекше балалардың дене, ақыл-ой қабілеттері мен әлеуметтік мәртебесіне қарамастан олардың оңтайлы әлеуметтену және қолжетімді, толыққанды білім алу құқығын жүзеге асыру мүмкіндігін қарастырады. Инклюзивті білім беру жалпы білім беруде өзгеріс енгізуге, барлық балалардың жеке, даралық білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту үшін жағдай құруға бағдарланған. Осыған орай инклюзивті білім беру тәжірибесін дамыту қажеттілік болып табылады. Бүгінде инклюзивті орта құру, мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық қолдау көрсету өзекті мәселе [1]. Инклюзивті санатқа жататын тұлғалардың бірі - психикалық дамуы тежелген балалар.

Балалардың психикалық даму тежелісі (ПДТ) — бұл психологиялық дамудың бірқатар маңызды функцияларының (ойлау, зейін, есте сақтау, эмоционалдық жағдайлар) қалыпты дамудан артта қалуы. Бұл құбылыс ерекше назар аударуды талап етеді, себебі ерте диагностика мен тиісті коррекциялық шаралар балалардың әрі қарай дамуына үлкен ықпал ете алады. Осыған орай, психикалық даму тежелісінің классификациясы мен ғылыми зерттелу жайы қазіргі психология мен педагогика саласындағы маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Психикалық дамудың тежелуі - бұл баланың интеллектуалды қабілетінің жасына сәйкес келмеуі. Психикалық дамуы тежелген балаларда білім алу іскерлігінің қиын дамуымен қатар энцефалопатикалық ауру белгілері, импульсивтік, сонымен қатар мазасыздану, агрессивтік мінез-құлық байқалуы мүмкін [2].

Психикалық дамуы тежелген балаларға инклюзивті білім беру туралы сөз қозғамас бұрын, ең алдымен «психикалық дамудың тежелуі» ұғымының өзін нақтылап анықтаған жөн. Психикалық даму тежелуі терминін 1959 жылы Г.Е. Сухарев енгізген. Психикалық даму тежелуі дегеніміз жастық нормаларға байланысты психикалық даму қарқынының тежелуі. «Психикалық дамудың тежелуі» ұғымы орталық жүйке жүйесінің органикалық бұзылысы бар немесе функционалды жеткіліксіздігі байқалған балаларға қатысты қолданылады [3]. Оларға эмоционалды-ерік саласының жетілмеуі, танымдық әрекетінің дамымауы тән, олардың сапалық ерекшелігі уақытша, емдік және педагогикалық факторлар ықпалымен толығыады.

Психикалық дамудың тежелуі – адамның жеке психикалық функцияларының (ес, зейін, ойлау, эмоциялық-еріктік сфера) даму деңгейі жасқа сәйкес келмегенде, яғни психикалық даму жылдамдығы қалыпты мөлшерден төмендегенде байқалатын жағдай. Мұндай артта қалушылықтың басты себебі, көптеген ғалымдардың (Т.А. Власова, И.Ф. Марковская, М.Н. Фишман және басқалары) пікірінше, жатыр ішіндегі немесе туу кезіндегі, сондай-ақ баланың ерте жастағы кезеңінде миға минималды органикалық зақымдардың әсері болып табылады. Кейбір жағдайларда бұл генетикалық себептермен де байланысты болуы мүмкін. Интоксикациялар, инфекциялар, трофикалық және алмасушылық бұзылулар, травмалар және басқа факторлар мидың даму темпінің баяулауына немесе жеңіл церебралды-органикалық зақымдануына себеп болуы мүмкін.

Жоғарыда аталған тұжырымдамаларға сүйене отырып, психикалық даму тежелуінің пайда болу себептерін төмендегідей топтарға бөлуге болады:

Биологиялық себептер:

- Жүктілік кезіндегі патологиялар (ауыр токсикоздар, инфекциялар, интоксикациялар және травмалар), жатыр ішіндегі гипоксия;

- Босану кезіндегі асфиксия және травма;

- Баланың ерте даму кезеңіндегі инфекциялық, травматикалық және токсикалық аурулар;

- Генетикалық себептер.

Әлеуметтік себептер:

- Тәрбиелеудің қолайсыз жағдайлары;

- Баланың өмірлік әрекетінің ұзақ уақыт шектелуі.

Қазіргі таңда балалардағы психикалық дамудың тежелісі жан-жақты клиникалық, психологиялық және педагогикалық тұрғыдан зерттеліп, оның клиникалық белгілері айқындалды. Бұл бағыттағы зерттеулерде Сухарева Г.Е., Власова Т.А., Певзнер М.С., Лубовский В.И., Ковалев В.В., Лебединская К.С. сияқты ғалымдар жоғарыда аталған топтағы балалардың барлығында түрлі деңгейде психикалық функциялардың тек тежелуі байқалатынын анықтады. Сонымен қатар, психикалық даму тежелісі бар балаларда кездесетін этиопатогенетикалық өзгерістердің сипаты анықталды. Осыған байланысты, көптеген зерттеушілер психологиялық-педагогикалық және клиникалық тұрғыдан осы балалар санатын зерттеп, олардың ерекшеліктерін ескере отырып, сан алуан классификацияларды ұсынды.

Психикалық даму тежелісінің классификациясы әртүрлі зерттеушілер мен ғалымдар тарапынан бірнеше тәсілмен қарастырылған. Бұл классификациялар балалардың психикалық дамуына қатысты әртүрлі биологиялық, психогендік және әлеуметтік факторларды ескере отырып жасалады.

Ұсынылған классификациялардың ішінде ең жиі қолданылатындары М.С. Певзнер мен Т.А. Власова (1972, 1973) ұсынған классификация болып табылады. Бұл классификацияға сәйкес, психикалық даму тежелісі келесі топтарға бөлінеді:

1. Күрделенбеген психофизикалық және психикалық инфантилизм;

2. «Екіншілік» психикалық даму тежелісі, яғни онтогенездің ерте кезеңдерінде пайда болып, церебрастенияны туындататын жағдайлар, соның нәтижесінде танымдық іс-әрекет пен еңбек қабілеттілігі бірінші кезекте бұзылады.

Сонымен қатар, М.С. Певзнер мен Т.А. Власованың (1972, 1973) классификациясы негізінде 1980 жылы К.С. Лебединская өз классификациясын ұсынды. Бұл классификацияның негізінде этиопатогенетикалық систематика құрылды. Лебединскаяның зерттеулері бойынша, психикалық даму тежелуінің төрт түрі анықталды [4]:

1. Психикалық даму тежелуінің конституционалды түрі.

2. Психикалық даму тежелуінің соматогенді түрі.

3. Психикалық даму тежелуінің психогенді түрі.

4. Психикалық даму тежелуінің церебральды-органикалық түрі.

Сонымен қатар, В.В. Ковалевтың (1979) классификациясы да маңызды болып табылады. Ол биологиялық факторлардың әсерінен туындайтын психикалық даму тежелісінің келесі түрлерін бөле отырып қарастырады:

1. Дизонтогенетикалық (психикалық инфантилизм кезінде);

2. Энцефалопатикалық (ОЖЖ жеңіл органикалық зақымдануы кезінде);

3. Сенсорлы дефект кезіндегі екіншілік сипаттағы психикалық даму тежелісі (естудің, көрудің ерте бұзылуы кезінде);

4. Ерте әлеуметтік депривациямен байланысты психикалық даму тежелісі (мысалы, госпитализм кезінде).

Жалпы жоғарыда аталған барлық классификациялар психикалық даму тежелесінің әртүрлі нұсқаларының этиологиясы мен патогенезін негізге алған. Балалардың психикалық даму тежелісінің ғылыми зерттелуі соңғы бірнеше онжылдықта айтарлықтай жетістіктерге жеткен. Зерттеушілер психикалық даму тежелесінің себептерін, белгілерін және салдарын зерттеп, балалардың психологиялық және педагогикалық қолдау тәсілдерін дамытуда үлкен үлес қосты. Көптеген ғалымдар, соның ішінде Сухарева Г.Е., Власова Т.А., Ковалев В.В.

сияқты ғалымдар психикалық даму тежелесін жан-жақты зерттеп, оның жіктелуі мен диагностикасын нақтылап, балаларға көмек көрсету үшін тиімді әдістемелер мен бағдарламалар ұсынды.

Қазіргі таңда психикалық даму тежелесін зерттеу тек психологиялық бағытта ғана емес, сонымен қатар нейробиологиялық, педагогикалық, әлеуметтік аспектілерден де қарастырылып келеді [5]. Зерттеулер психикалық даму тежелісі бар балалардың әлеуметтік, эмоционалдық және когнитивтік қажеттіліктерін толығырақ анықтап, оларды дамыту үшін тиісті мән беріп, түзету әдістерін қолдануды талап етеді.

Психикалық даму тежелісі мәселесі - қазіргі таңда психология, педагогика және медицина саласындағы маңызды зерттеу объектісі болып табылады. Осы мәселеге қатысты классификациялар мен ғылыми зерттеулер баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық және психологиялық түзету тәсілдерін қолдануға мүмкіндік береді. Психикалық даму тежелесі бар балалардың психикалық дамуын қолдау мен түзету үдерістерін жақсарту үшін ғылыми зерттеулердің әрі қарай дамуы қажет.

Психикалық даму тежелесі классификацияларын талдай отырып, олардың көп жағдайда клиникалық және психологиялық тәсілдері көрінетінін атап өтуге болады, бірыңғай педагогикалық классификацияны ажырату мүмкін емес, сондықтан бұл бұзылыстар тобы іс жүзінде жеке көріністер мен ақаулардың ауырлығы бойынша өте әртүрлі.

Бірқатар зерттеушілер психикалық даму тежелісі бар балалармен коррекциялық-дамыту жұмыстарын жүйелі жүргізу оң нәтиже беретінін өз зерттеулерінде түсіндіріп өткен. Осы тұрғыдан коррекциялық-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесіне, заңдылықтары мен қағидаттарына көңіл бөлу қажет [6].

Әрине, коррекциялық түзету жұмысының заманауи тиімді әдістемесін қолдану кезінде психикалық даму тежелесі бар балалардың бойында дағдылар мен икемдерді меңгерудің оң қарқыны байқалады, десек те олардың болашақ мектепте оқуға қабілетінің нашарлығы мен өмір сүру тынысы төмен күйінде сақталып қалатыны да байқалып жүр.

Психикалық даму тежелісі бар балалармен инклюзивті білім беруді ұйымдастыру үшін барлық мамандар, оның ішінде психологтер де дайын болы тиіс, олар психикалық даму тежелісі классификациясын, оның зерттелу жайын түсініп, осы балалармен жұмыс жүргізудің оңтайлы жолдарын таба білгенде ғана оң нәтижеге жетеді.

Осылайша, психикалық даму тежелісінің классификациясын және ғылыми зерттелу жайын білу – бұл балалармен жұмыс істейтін мамандардың тиімділігін арттыруға, білім беру жүйесін жетілдіруге және қоғамда инклюзивті білім беруді қолдауға үлкен ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Абилова О.А., Лекер А.Ф. Мектепке дейінгі ұйымда психикалық дамуы тежелген балаларды педагогикалық және психологиялық қолдау. «Қазіргі кезеңдегі мектепке дейінгі білім берудің өзекті мәселелері» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚУ «Берел» баспасы, 2024. – 304 б.

2. Садвакасова Н.А. Кударина А.С Психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық қабілеттерін ынталандырудағы тиімді әдіс-тәсілдер. ОФ “Международный научно-исследовательский центр “Endless Light in Science, 2024. <https://cyberleninka.ru/article/n/psihikaly-damuy-tezhelgen-balalardy-tanymdy-abiletterin-yntalandyruda-y-tiimdi-dis-t-silder>

3. Шипова Психология дошкольника с задержкой психического разви Нтия: учебное пособие. – Саратов, 2018 – 86 с.

4. Лебединский, В.В. Нарушение психического развития у детей [Текст] / В.В. Лебединский. – М. : МГУ, 1985. – 185 с.

5. Ермағамбет Ә. Психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық - педагогикалық сипаттамасы. Дефектология 2008. № 4, 3-5 б.

6. Күшербаев А. Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін түзете дамыту жұмыстарының ерекшеліктері //Дефектология. 2011. №3. 17 б.